



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ- ӘЛЕУМЕТТІК МӘНІ

Қалмет Самал Бағдатқызы

breeze_rare@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ филологиясы студенті
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор А.Үсен

XX ғасырдың тарихта үлкен өзгерістер мен жаңалықтарға толы алтын ғасыр екендігі даусыз. Бұл ғасырда эпистолярлық стильдің де кең қанат жая бастағанын Алаш азаматтарының бір-біріне жазған хаттарынан аңғаруға болады. Кез-келген шығармалар заман ағымының талабына сай жаңартылып, кейде қысқартуларға ұшырап, уақыт өте келе түрлі өзгертулерге ұшырап жатуы қалыпты құбылыс. Бірақ хаттарды мұндай батыл өзгеріске түсіру, оның жазылған тарихи уақытын өзгерту мүмкін емес. Себебі тарихи құнды хаттар сол кезең уақытымен қатталып, өзінің мәңгілік ақиқатымен бірге біте қайнасқан түрде бүгінгі күнге жетті.

Хаттардың осы кезеңге жетуінің өзі орасан зор күшті, мықты қажыр-қайратты талап етті. М.Дулатұлының қызы Гүлнар Міржақыпқызы анасы аманаттап тапсырып кеткен суреттер мен хаттарды сақтап қалу үшін де біраз қиындыққа ұшыраған. Г. Міржақыпқызы сақтап келген хаттардың жалпы саны – 7. Эпистолярлық мұралардың жариялануына өте бір ұқыптылықпен қарап, қадағалап отырғаны және құнды мұралардың ешбір өзгеріске түспей ғылыми еңбектерде басылуы Гүлнар апайымыздың аманатқа қиянат жасамауым керек деген ар-ожданлық мақсатының арқасында еді.

Өткен ғасырдың қиын-қыстау күндерінде қазақ зиялыларының хат - хабар алатын кісісі Ә.Бөкейхан болған. Қазақ зиялылары өз хаттарында қоғамда болып жатқан түрлі саяси және әлеуметтік маңызы бар мәселелер төңірегінде ой бөлісіп, бір – бірін хабардар етіп отырған. Ұлт азаттығы жолындағы күрес басшыларының бірі - Ахмет Байтұрсынұлының 1925 жылдың 1 маусымында қайраткер Әлихан Бөкейханұлына жазған хатында Орталықты Қызылорда қаласына көшіру мәселесін, өзінің алдағы уақытта атқаратын маңызды істері туралы баяндайды. Елінің ертеңі үшін жанын беруге дайын қайраткер «Қазақ мемлекеттік баспасымен келісілген шартқасәйкес, мен жаңа емле бойынша үш грамматика және қазақ әліппесін қайта жасауым керек. Аяқталу мерзімі: біріншісі – 15-ші маусым, екіншісі – 1-ші шілде, үшіншісі – 1-ші тамыз, төртіншісі – 20-шы тамыз. Міне, сол уақытқа шейін басқа жұмыстарға қарауға мұршам жоқ, оның үстіне Қазақ-қырғыз институтында оқу басталса, тағы да уақыт болмай қалады. Сол себепті де 20-шы тамызға дейін Ибраһимнің (Абай) ғұмырбаянын жаза алмайтынымды анық айтамын. 20-шы тамыздан соң уақыт бола ма, жоқ па – оны білмеймін» [1; 44]. Өзінің Пішпек қаласында болғанын, ондағы қырғыз мұғалімдер сиезінде күн тәртібіне қойылған мәселелерді хабарлап, саяси мәселелерге өз көзқарастарын да білдіріп отырады.

Ал ұлт көсемі, қазақтың әйгілі мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Әлихан Бөкейханның А.Байтұрсыновқа жолдаған 1925 жыл хатынан сол кезеңнің саяси жағдайларына қануға болады. Әлихан Ахметке Абай мен Ыбырай туралы жазбаны күзге дейін бітіруіне болатындығын, әсіресе Алтынсары баласы Ыбырай туралы өзі жазуын сұрайды. Ыбырайдың Ахметтің ағасы екендігін ескертіп өтеді. «Орталық баспаның тапсырмасы бойынша Мағжан Жұмабайұлы әліппе мен өз бетімен оқитындарға арнап кіріспелік жазған-ды. Кеше Нәзір айтады: «Мағжан Жұмабайұлының жазған кітабы Байтұрсынұлының кітабынан жақсы» деп. Ол кітаптар әлі басыла қойған жоқ. Маған көрсетпеді де. Бірақ Нәзір сыншы емес»[1; 47].

Ахмет Байтұрсынұлы Пішпекте өткен қырғыз мұғалімдері сиезінде күн тәртібіне қойылған мәселелер туралы, Латын әліпбиі жөніндегі сиез шешімі туралы хабарлап Міжақыпқа хат жазады. Осындағы Күн тәртібіне қойылған мәселелер тіл, әріп, емле, ғылыми пән сөздері, ескі сөздерді жинау, мектеп түрі.

Зиялылар тек қоғамдық – саяси мәселелерді ғана емес медицина, өнер саласындағы мәселелерді де басты назарда ұстап отырды. Мәселен, Әлихан Бөкейханның 1925 жылдың 23 маусымында Мәскеуден Ахметке жазған хатында «сүзектің микробына» қатысты, Әнші Әміре Қашаубаевтің Парижге жіберілгелі жатқандығын, әншінің ән сөзіне мән беріп, нақты, киімінің орыс мешандарынша деп бірталай сынайды, қазақ екендігін танытарлықтай қазақша киінгенін мақұл көреді. «Әміре Қашаубайұлын Парижге жібермекші. Дауысын мақтастық, бірақ ән салған кезде, мен қатты ұялдым. Айтқан әнінің сөзінде мән болсайшы. Парижде мәнді әнді талап етеді. Әншіні Парижге жібере отырып, бір әннің сөзін болса да жаттатқызуға болады ғой. Әміремен бірге баратын басқа халықтардың әншілері ұлттық киімдерін киген, ал біздің Әміре орыс мешандарынша киініпті. Бұл соншалықты қиын ба?» [1; 45]. Әлиханнның бұл пікірлерінің тамырында ұлттық болмысымызды сақтап, ұлттық ерекшеліктерімізді шет елге көрсету қажет деген терең ой жатыр. Қыр баласының идеясы - Парижді қазақ киімімен, қазақ сөзімен таң қалдыру, қазақты таныту, бұл - елге деген асқан сүйіспеншілік пен шексіз махаббат көрінісі.

Әлихан Бөкейхан Ахметке жазған хатында Орталық баспада көрнекті құралдар шеберханасы бар және олардың қаржысы жеткілікті, жұмыс жоспары ауқымды екендігін айтады. КСРО бойынша халық ағарту ісіне қажетті нәрселер әрбір ұлттың жағдайы мен ерекшелігіне қарай жасалынатындығын, өзінің оларға «Қазақ Академиялық орталығымен байланысыңдар» деп кеңес айтқанын жеткізеді. «Академиялық орталық енді қазақ мектебі мен көшпелі оқу үйлеріне келеді-ау деген ережелерін көрсетіп, арнайы жұмысымен қоса осы мүмкіндікті пайдаланып, өз бағасын берсін. Академиялық орталық, осыны орындауға тырысыңыздар» - деп нұсқау береді [1; 46].

«Меңдешұлы жолдас «Бөкейханұлы Еңбекші Қазаққа мақала жазады» деп шағымданыпты. Бұл шағымы 15-маусымда Орталық комитет жанындағы Баспа бөліміне түсіпті. Мен әлгі шағым бойынша онда отырған татарлар тиісінше тезден өткізді. Мәскеу коммунистері: «Қазақтар – ұлтшылдар» деп жалпыға жар салып айқайлап жүр. Мен олардан: «Айтып жүргендерің не?» деп сұрасам, олар: «Өздерің өздеріңе шағым жасап жүрсіндер, яғни оны жазған – өз қазақтарың» деп айтады [1; 47]. Әлихан Бөкейханның әлеуметтік-қоғамдық, саяси-рухани көзқарасындағы біршама идеяларын осы хаттарынан айқын аңғаруға болады.

Ұлт қайраткерлеріне жазушылық, ғалымдық қызметі арқылы Кеңес үкіметінің саясатын бұрмалауға және Кеңес үкіметін құлатуға тырысты, аштыққа ұшыраған адамдарды астыртын ұйымға біріктірді деген «дәлелді» айыптар тағылды. Ұлттың мұқтаждығын терең түсінетін ұлт қайраткерлерінің барлығы қызметтен қуылып, қыспаққа алынды.

Қазақтың зиялы қауым өкілдерін қудалау басталғаннан кейін де Алаш арыстары арасындағы хаттар легі үзілген жоқ. Құзғын жау тек туған жер, туған үйден алыстатып қойған жоқ, сонымен бірге айдалған жерде түрлі қысқарулар мен мекемелерді ықшамдау, жер аударылғандарды жұмысқа алмау деген «жарлықтармен» жолдарын бөгей берді. Жұмысқа алмау 1932-33 жылғы азапты күндерде соққы үстіне соққы болып тиіп жатты. Күн көріс өте төмен жағдайға жеткендігін, тек өл дегендей жан-жақтан қыспаққа түскенін А.Байтұрсынов замандас інісі Міржақыпқа жазған хаттарынан байқауға болады: «Орын болмаған соң қай жағынан да болса хал нашар болатыны белгілі. Бір жағынан ауру, екінші жағынан суық, үшінші жағынан аштық – үш жақтан қысып, әркімнің ат салысқан көмегі арқасында күнелтіп келе жатқан жай бар. Бұл қалыппен көпке бармай, бір шегіне барып тынатын шығармын. [1; 47]

Алаш қайраткерлерінің айдауда, қайда жүргендерін қай ит жеккенге жібергендерінен де хабардар болып бір-бірін құлақтандырып отырған.

«Қазақ – соқырға көрінген, саңырауға естілген болса керек. Әлімхан, Әуезұлы екеуі

тәуба қылып шыққан. Басқалары: Сейдәзім, Мұқамеджан Т., екі дос, Ақбай ақсақ інісімен, Әшім, ұзын Мұхтар – бұлар Воронеж қаласында; аудандарында – Қошке, Жұмағали, Мұстафа Б., Әбдірахмен, Нәшір, Күдері баласы – бәрі де қызметте – қатын-балаларымен тұрған көрінеді» [1; 49].

Ахмет Байтұрсынұлы 1934-ші жылдың 8 наурызында Міржақыпқа жазған хатында Ә.Бөкейхан әлі де хат-хабар алысып тұрғандығын, Қыр баласының соңғы хатында «Смағұлдан басқамыз аманбыз» деп жазған. Шынында да 1933 жылдың 16 желтоқсанында дәрігерлер «өндірістік улану» деген «жылы» диагноз қойған Смағұл Сәдуақасов дүниеден өткен еді.

Ахмет Байтұрсыновтың елге сәлем ретіндегі соңғы өлең-хаты айдауда жүрген, кейіннен сол жақта А.Байтұрсыновпен дәм-тұздас болған Серікбай Мамырханов арқылы жеткен. Өлең-хатта еліне деген сағынышы, махаббаты, басқа түскен қиямет-қайымға мұқалмаған асқан төзімділікпен, орасан зор сезіммен, күрескер рухта жырланады. Күрескер ақын Ахмет ту-у тозақта жүріп те қайраты мұқалмай, сағы сынбастан, ойлағаны тағы елінің қамы болып, сүргінге салған жұртына кінә артпастан, «...Ел-жұртты бізден бұрын көре қалсаң, Сәлем айт алты арысқа бізден тегіс» деп, айдауда тағдырдың тезімен бірге болған жерлесі арқылы туған елге сәлем-хат ретінде өзегін жарып шыққан өлеңін арнайды.

Еліне «Баяғы көксегені сенің бағың,
Жүрсе де бақташының қарауында», - деп, өзінің Алаш идеясын қолдаушы,
Айдалада Ақ теңізде жүріп, алыстағы туған елін, жерін сағынады.

Кеш жатып, ерте тұрып жабығады,
Кеттік деп сенен алыс қамығады.
Сарыарқа сайран еткен, қайран мекен,
Ерте-кеш соны ойлап, сағынады,

- деген өлең жолдарында еліне өкпесін артпай, керісінше жұртына деген сағынышын керемет жырлайды.

XX ғасырдың ұлылары, зиялы қауым өкілдері талай тауқиметті басынан өткерді. Сұм империя расында да қазақ қаймағын жазбай таныды, таныды да бірден көзі ояу, көкірегі ашық азаматтардың көзін жоюға кірісті. Бірақ, соның бәрінен ұлт мүддесін жоғары қойып, өздерін халықтың жоғын жоқтаушысы, жанашырымыз деп білді. Қай шаруаны қолға алса да ұлт мүддесіне қажетті болғандықтан, қай іске тәуекел етсе де ұлт болашағы үшін деп қимылдаған. XX ғасыр азаматтарының қай-қайсысы болмасын елімдеп, ұлтым деп, халқым деп өткен адал ерлер еді.

Алаш қозғалысына қатысқан азаматтардың көпшілігі ұлт мүддесі үшін қуғын сүргін мен азаптауға түссе де, ғылым, мәдениет салаларына қоғамдық саяси мәселерге орасан зор мұра қалдырды.

Алаш арыстарының еңбегі, тартқан азаптары мен көрген қорлығы, болашаққа деген үміт – арманы – бәрі де осы ұлы мақсатты орындау, туған елі үшін тері мен қанын қатар төгіп, халқына қалтқысыз қызмет ету еді.

Эпистолярлық мұралар өз кезегінде ең құнды қазына, болашақ үшін асыл дүние болып қала береді. Бүгінгі һәм келешек ұрпақ үшін ата-баба мұрасы – ұлттың асыл қазынасы, алтын дінгегі екендігі ақиқат. Ғалым Рымғали Нұрғали айтпақшы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті – ұлттық өнердің алтын ғасыры, ол туралы айтылар сөз ұзақ болмақ».

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. *Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар*. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013.Т. VI: –384 б.
2. Жұртбай Т. Ұраным Алаш. – Алматы: «Ел-шежіре», 2008. 472-б.
3. Нұрғали Рымғали. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. Астана, «Күлтегін»

баспасы, 2002. – 528 бет.

4. Елім деп соққан ұлы жүрек (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист М.Дулатұлына арналады). – Алматы, 2002. - 274 бет.

ӘОЖ 821.512.122.

ҚОСЖАН МҮСІРЕПОВ ЛИРИКАСЫ

Қалмет Самал Бағдатқызы

breeze_rare@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті «5В020500» - Филология: қазақ тілі мамандығының студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Р.Тұрысбек

Әдебиет әлеміне ақын-қаламгер ретінде таныс Қосжан Мүсірепов 1932 жылы 9 қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Бірлік елді мекенінде «Бөржар» өзенінің жағасында дүниеге келген. «Бірлік» жетіжылдық мектебін бітіріп, Шымкенттегі 2 жылдық мұғалімдер институтының дайындық курсына түседі. Бірлік мектебінде мұғалім болады. Үш жылдан кейін Арыс аудандық оқу бөліміне инспектор болып тағайындалады. 1954 жылы 22 жасында Арыс аудандық «Социалистік жол» газетінің редакторы болды. Кейіннен Алматы қаласындағы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түседі. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан»), «Жетісу» газеттерінде, «Мәдениет және тұрмыс» (қазіргі «Парасат») журналында қызмет істеді. Өзіне жүктелген қай міндетті болмасын қашанда абыроймен атқарды. «Мәдениет және тұрмыс» журналында келелі мәселелер көтеріп, тың айдарлар ашты». Алғашқы жинағы «Менің қарындасым» деген атпен 1959 жылы шыққан. Кейіннен «Менің апам дәрігер», «Кім күшті?», «Арман лебі», «Жалын», «Алау», «Дос жүрегі», «Раушан» атты жыр кітаптары, «Гүлжазираның ауылы» новеллалар жинағы жарық көріп, әдеби қауым мен оқырман тарапынан үлкен қолдауға ие болады. 1968 жылы 3 наурызда 35 жасында дүниеден өткен.

Мен – Адаммын

жалғыздыққа жаны қас,

Мейманынан төрдегі үйі арылмас!

Жиналмайды дастарханым достарға,

Мен – қазақып, есігі ешбір жабылмас [1.145]– деп жырлаған, поэзияға көркемдік пен жылылыққа толы шығармаларымен келген ақын өзінің аз ғұмырында сол кезең суретін, уақыт рухын дәл бере алды. Ақын өлеңдері сырлы сезімге, терең философиялық ойларға толы, әрі көркем де кестелі:

Жырлайтұғын өлкем бар, өзенім бар,

Шындайтұғын жырымды өз елім бар.

Сырласуға, достармен ойласуға

Сөз алатын менің де кезегім бар.

Кезегімде сыр шертіп беремін мен,

Арман қуып, асығып келемін мен.

...Өз арнамда жатамын өзім шалқып,

Асып-тасып кетпеймін кемерімнен! [1.47-48] – деп сыр шерткен ақын қаламынан сұлу да сырлы жыр оюлары кестеленді. Ақын туған жерге деген сүйіспеншілігін, анаға деген махаббатын, өмірге деген құштарлығын, жан – жүрек сырларын асқан іңкәрлікпен жырлады. Қ.Мүсірепов туған жер тақырыбына арналған «Туған жер», «Содан ба екен», «Қанатым болса, дариға!», «Шымкентім - туған қалам», «Менің өзенім», «Сырласу», «Құттықтау», «Туған жерде», «Бәрі де мұнда жетеді», «Өзіңді туып-өскен қонысым деп» т.б.